

А. Мырзағулова, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Б. А. Қалиев, қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
(Е. А. Бәкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

БАҚ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ҚОЛДАНЫСЫ

Бұқаралық газет стилінде фразеология ең маңызды — компонент. Журналистер фразеологизмді кіріспе сөзде, тақырыпта, шығармашылық ізденіс барысында қолданады. Сондай-ақ мәтінді жариялау кезінде газеттің тақырыбына назар аудару үшін қолданылады. Семантикалық және құрылымдық-стилистикалық өзгеріс фразеологиялық тіркестерде бір бөтен сөз қосылған жағдайда мағынасы өзгеріп кетеді¹.

Тілшілер фразеологизмдерді стилистикалық бояуда шығармашылық өңдеуде ішкі формасын құрастырып, сыртқы көріністе еркін қолдану үшін таңдайды. Трансформацияның негізгі саласы ретінде сол кезде аты белгілі болған кітаптың, фильмдердің, өлең жолдарынан үзінді атауын алады. Баспасөз тілінде тақырыптық фразеологизмнің бір компоненті ауысып, жаңа түрі кеңінен қолданылады. Мысалы: «Ассистентінің басы — Алланың добы» яғни адамның басы — Алланың добы. Актуализация негізінде фразеологиялық тіркесте жаңа бір ой, көркем сапалы фразеологизм, сөз байлығы пайда болады. Жаңарған тақырыптағы айналымның фразеологиялық варианттан өзгешелігі — оның лексикалық өзгеріске түсетіндігі. Варианттардың ауысуы негізгі ойға және фразеологиялық негізге әсер етпейді, осындай өзгерудің нәтижесінде қосымша стилистикалық бояуға ие болады. Газет тақырыптарында қатты әсер беретін фразеологиялық тіркес кеңінен қолданылады: Жол қадірін жүрген білер...

Мұндай құрылымға тек фразеологиялық элементтер әсер етеді. Тақырыптық өзгерістің айналымы өзінің алғашқы мағынасынан семасиологиялық қолдау алады, бұндай қолдаусыз актуализациялық фразеологизм өзінің қызметін атқара алмас еді, яғни оқырмандарға ойды айқын, көркем жеткізе алмаған болар еді. Материалдарды оқығанда негізгі ой басқа рең береді. Мұнда көптеген ойнақы сөздердің тізбегі, жеке сөздердің тура және ауыспалы мағынасында фразеологиялық айналымның құрамына енетін сөздер жатады. Жаңа өз бетінше құрылған фразеологизм жалпы үйреншікті фразеологиялық тіркестің нормативтік ретінде қабылданады. Бұл жоспарлы ойды және көркемдік мүмкіндікті туғызады.

Фразеологизмдердің БАҚ-та әсіресе газет тіліндегі мәтіндерде ерекше қолданыста болатыны талас туғызбайды. Профессор Г. О. Винокурдың айтуынша: «газетный язык по сути дела насквозь «фразеологизирован», поскольку стандартность, «клишированность» многих типично газетных выражений является неотъемлемым свойством этого языка»². БАҚ тілінің өзгешелігі газет-журналдарда ерекше тілдік құрылымдар: тақырыптама, тақырыпша, айдарлар бар. Белгілі бір газеттің айдары ретінде бір сөз, сөз тіркесі, сөйлем, бірнеше сөйлем сондай-ақ фразеологиялық тіркес қолданылуы әбден мүмкін. Көптеген зерттеушінің ойынша, газет-журналдардағы тақырыпшаның орны — мықты, акценттелген айқындама, себебі оқырманға ең бірінші көзге ілінетіні де осы. Бажырайып тұрған айдарларға тек ұлтқа тән фразеологизмдер ғана емес, сонымен қатар ерекше, сөйлеу кезінде пайда болып кейін тұрақталған фразеологизмдер де қолданылады. Мысалы: тіпті көптеген жерлерде қазақша қызмет көрсетуді талап еткендерге қарсы, шоқпар ала жүгіретіндер, «ұлтшыл», «террорист», «лаңкес» дегендей жала жабатындар да жиі ұшырайды (А.Т., 25.06.13). Жылдан-жылға тамырын тереңге жіберген «Абди»-дің мақсаты қазақ елін сапалы тауарлармен қамтамасыз етіп, ұлт болашағына қызмет жасау болып табылады (А.Т., 18.06.13). Сіздердің маңдайларыңыздың ырысы бес елі, әлем мойындаған Н. Назарбаевтай президенттеріңіз бар (А.Т., 11.06.13). Бізді бұл жақта да құшақ жая қарсы алды. (А.Т., 04.06.13) Кездесіп, әңгімедүкен құрған Азат пен Лидия Шаймардановтар бала Ғабдолла Тоқайды өсіріп, жетілдірген қазақ еліне дұғай сәлемдерін жеткізуді өтінді (Ж.А., 10.09.13).

Қазіргі БАҚ тілінде фразеологизмдердің түрлі эмоциялық әсерді, бейнелілікті арттыру мақсатында қолданылуына орай өзгеріске ұшырауына себеп болады. Газеттің тәжірибесі нақты әдіс-тәсілдерді осындай өзгерістердің нәтижесінде тұрақты тіркестерді қалыптастырды.

Қазір БАҚ құралдарының арасында оқырмандардың көңілінен шығу мақсатындағы әрекетте бәсекелестік өте мықты, соның әсерінен тілшілер өз өнімін барынша әсемдеп біріктіріп береді, яғни ақпаратты есте сақталатындай, жарқыраған күйінде ұсынады. Ақпараттың мазмұнының сыртқы қорапшасы тілдік ойын, зияткерлік жаттығу сияқты, сол себепті оқырманның көңілін өзіне аудару мақсатында мақаланы құруда ерекше, көзге бірден түсетін тіркестерді қолданады: Иә, Құбығұл жүрегінің түбіне кір жасырмай бәрін баян етіпті (А.Т., 19.09.13). Түс ауа асханаға кіріп, жүрек жалғап алғаннан кейін манағы оқулықта берілген беттерді ашып қойып зуылдатып жаттауға кіріскен (А.Т., 12.09.13). Көзі ашық, көкірегі ояу Орынгүл дәрігерлердің пікірімен толық келісті (А.Т., 05.09.13). Алайда қамшының сабындай қысқа ғана ғұмырда мұны нағыз бақыт деуге тұра ма? (А.Т., 15.09.13). Осылайша «бір аяғы жерде, бір аяғы көрде» күйін кешкен қариялар барар жер, басар таулары қалмай осында келеді, дегенмен жалғыздықтың шырмауынан құтылады бұл мекенде (А.Т., 22.06.13).

Қазіргі қазақ баспасөзінде оқырманның назарын аудартып, мақаланы оқып шығуға «мәжбүр ету» мақсатымен ұлттық танымды көрсететін, эмоционалдық бояуы қанық, бедерлі оралымдарды қолдануға ұмтылыс дәстүрге айналуға: «Сақтансаң сақтайды» («Құдай сақтанғанды сақтайды») (Е.Қ., 22.05.04); «Күлшелі бала сүйемекке жақсы» (Ж.А.), «Түйені түгімен жұту жеңіл-желпі диета болып қалды» (Ж.А., 22.11.05); «Әр әнші өз қазанында қайнап жүр» (Ж.А., 01.01.04) т. б.

Газет тіліндегі фразеологизмдер қолданысында өзіндік ерекшеліктері: мақаланың тақырыпшасы ретінде қызмет атқарады, оқырманның көңіл аударуда маңызды қызмет жасайды. БАҚ тіліндегі фразеологизмдер — өзіндік қолданыс мүмкіншіліктері бар тіркестер.

- ¹ Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. — Алматы, 1997. — 64 - б.
- ² Кривенко Б. В. Русская речь. Фразеология и газетная речь. — М., 1993. — С. 44.